

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 163 (9225) | 1953 жылғы 14 август Жұма Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жарыстың ең тамаша жері—оның өзі жұрттың еңбекке көзқарасын мүлде өзгертеді, өйткені, ол бұрын қорлық және ауыр жүк болып есептеліп келген еңбенті, енді аброй әперетін, даңқ шығаратын, қаһарман және ер атандыратын іске айналдырып отыр.

И. СТАЛИН.

Комбайншылардың социалистік жарысын өрістете берейік

Бұл күндері облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары күннен-күнге кең өріс алып келеді. Демек, оларда күн сайын мыңдаған гектар егін жыйналып, одан алынған өнім мемлекет қоймаларына үздіксіз жөнелтілуде.

Облыс еңбекшілері егіннен астық неғұрлым көп алынса, Отанымыздың күшқуатының солғуралым арта беретінін, халқымыздың әл-ауқатының барған сайын жақсара түсетінін жақсы біледі. Сондай-ақ, олар Отан игілігі үшін еңгірілген қажырлы еңбектің бейбітшіліктің жаулары—империалистерге, олардың қолшоқпарларына қатты соққы болып тиетінін де жақсы түсінеді.

Міне, сондықтан да облыс еңбекшілері Коммунистік партияның Совет үкметінің төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтасып, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда да өздерінің жауынгерлік міндеттерін аброймен орындап шығу үшін күресеуде. Олардың көзгі көздеп отырған мақсаты—бұл жауапты міндеттерді ойдағыдай орындап, ақмодалықтардың шақыруына іспен жауап беру болып отыр.

Ақмодалықтар егінді 20—25 жұмыс күні ішінде жыйнап алуға, әрбір колхоз бен совхоз бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспарын осы жылғы 20 сентябрьге дейін орындауға міндеттеме алып, республика еңбекшілеріне үндеу жазды. Сөйтіп, ақмодалықтар егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда жаңа табыстарға жете беру үшін республикада социалистік жарыстың жаршысы болды.

Біздің елде социалистік жарыс—бүкіл халықтық іске айналды. Өйткені, социалистік жарыс—еңбекшілер бұқарасының творчестволық инициативасын, өндірістік белсенділігін арттырып, оларды қажырлы еңбекке жұмылдырып отырудың сыннан өткен әдісі болып саналады. Совет адамдары социалистік жарысты өрістету арқылы мемлекеттік тапсырмаларды толық жа-

пайдаланудың және агрегатта еңбекті дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде жетіп отыр. Егер жергілікті партия, совет ұйымдары бұлар сияқты озат комбайншылардың жұмыс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыра білген болса, оны механизаторлар арасында кеңінен насихаттаған болса, онда жұмыстың нәтижесі де көзірткен әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ, бұл тілек әзірге тиісті дәрежеде орындалмай келеді.

Облыста бүгінге дейін егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру колхоздар бойынша, сондай-ақ совхоздар бойынша да қанағаттанғысыз орындалып келеді. Мұны жоспардың егін жыйнаудан 3,6 процент, астық тапсырудан 0,8 процент ғана орындалуы толық дәлелдейді. Ал, жұмыс қарқынының осыншалықты нашар болуының сыры неде? Оның сыры—егіншілер арасында, әсіресе, комбайншылар арасында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмай, социалистік жарыстың кең өрістетілмей, комбайншылардың қуаты толық пайдаланылмай, бұл жұмыстарға жете назар аударылмай отырылғандығында.

Полудень МТС-нің басшылары механизаторлар, оның ішінде комбайншылар арасында еңбек ұйымдастыру мәселесіне жете мән бермей келеді. Сондықтан да бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқыны өте баяу. Мысалға, «Путь Ильича» колхозын ұлайық. Бұл колхозда МТС-тің 8 комбайны жұмыс істеуге тиіс еді, осыдан соңғы күндерге дейін 6 комбайн ғана жұмыс істеп келді. Бұлардың да жұмыс өнімділігі өте нашар.

Комбайншылардың социалистік жарысын ұйымдастырумен, олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізумен МТС-тің және колхоздың партия ұйымы шұғылданбай келеді. Комбайн агрегаттарында көрсеткіш тақталары жоқ. Қабырға газеттері шығарылмайды. Оларда үгітшілер сирек болады. Міне, мұның барлығы колхозда егін жыйнау мен астық дайындау қарқынын өрістете берейінше әсерін

Коммунистік партияның төңірегіне тығыз топтаса береміз



Шойынқую-таразы заводының жұмысшылары мен қызметшілері ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының материалдарын оқып үйренуде. Суретте: Қую цехінің бастығы Стельмах Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін оқып тұр. Суретті түсірген Г. Бредигин.

Партия көрсеткен жолмен

Петропавл ауданының еңбекшілері 1953 жылға арналған бюджет туралы және ауылшаруашылық салықтарын келтіру туралы заңды еңбектегі өрлеу үстінде қарсы алды. Бұл күндері МТС-тер мен колхоздардың және совхоздардың колхозшылары мен жұмысшылары ССР Одағы Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін оқып үйренуде. ССРО Финанс министрі Зверев жолдастың баяндамасын оқып шыққаннан кейін Бүлешний атындағы колхоздың колхоз-

Теміржолшылардың серпі

5 август күні Жоғарғы Совет сессиясында Маленков жолдастың сөйлеген сөзі радио толқыны арқылы еліміздің түпкір-түпкіріне тез тарайды. Барлық адамдарымыз репродуктор арқылы жетіп жатқан бұл сөзді зейін қоя тыңдап, есіне сақтап қалуға тырысты. Үкмет басшысының жалынды сөзі Петропавл депосының жұмысшылары арасында да жаңа жігер туғызды. Көзір әрбір цех сайын жыйындар, өңгімелер өткізілуде. Жұмысшылар өздерінің пікірлерін ортаға салып, үкмет пен партияға деген сүйіспеншілік сезімін білдірумен бірге, жаңадан көтеріңкі міндеттемелер алуға.

Сондықтан да, біз жұмысшылар, жұмыста бұрынғыдан әлде қайда күшті қарқын туғызуымыз керек. Мен Маленков жолдастың сөзіне жауап ретінде өзімнің жұмысыма жаңа қарқын туғызып, күнделік нормамды 300 проценттен орындаймын деп сенімді беремін. Бұдан кейін де көптеген жұмысшылар сөйледі. Олар өздерінің қолында бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, берілген норманы бұрынғыға қарағанда 10 проценттен асыра орындауға міндеттеме алысты. Шаруашылық цехында болған жыйын осы сияқты зор өрлеу үстінде өтті. Қуя-

Жаңа өрлеу туғызуда

Отанымыздың барлық жерлеріндегі сияқты Петропавл қаласы өнеркәсіп орындарының коллективтері де Отанымыздың астанасы—Москвада өткізілген ССРО Жоғарғы Советі V сессиясы қабылдаған заңдарды зор ынтамен қарсы алып, қуанышқа бөленуде.

Сессия материалдарын кең түрде талқылау мақсатымен, өнеркәсіп орындарындағы үгітшілер топтары цехтарда ССРО Финанс министрі Зверевтің баяндамасы мен ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзі және ССРО Жоғарғы Советі қабылдаған ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы, ауылшаруашылық салығы туралы Заңдармен жұмысшыларды таныстыруда.

Мәселен, шойын қую-таразы заводындағы жұмысшылар мен қызметшілер арасында үгіт жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Механикалық цехтағы үгітші Дурнов жолдастың ССРО Финанс министрі Зверевтің баяндамасын оқып түсіндіруде. Ал, қую цехы жұмысшыларына үгітші Фильма жолдастың ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың сөзін газеттерден оқып, түсіндіруде.

Сол сияқты, Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің тігіншілері арасында ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының материалдарына арналған өңгімелер өткізілуде. Аталған артельдің цехтарында сессияның газеттерде жарияланған материалдарын, әсіресе, ССРО Финанс министрі Зверевтің баяндамасы мен ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың сөзін талқылауға арналған көптеген өңгімелер өткізілуде.

Сессия қабылдаған Заңдардың маңызын жұмысшыларға түсіндіруде № 1 цехтағы комсомол мүшесі Абрисимова, № 2 цехтағы Филиппов, № 8, № 9 цехтардағы Сутюшева және Иванова жолдастар сияқты үгітшілер өз міндеттеріне аса жауаптылықпен қарауда. Бұлар өздерінің

Коммунистік партия мен Совет үкметі социалистік жарыстың маңызын ерекше бағалайды. Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында социалистік жарыстың маңызы мен міндетін айта келіп былай деді: «Халық шаруашылығын дамыту жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау үшін социалистік жарысты онан әрі өрістетудің зор маңызы бар. Партия жарысты ұйымдастыру ісіне әрқашан зор көңіл бөліп келді және социалистік жарыстың басты міндеті артта қалғандарды алдыңғылардың дәрежесіне жеткізу, жұмыста жақсыларға теңелу болып табылады деп есептеді».

Егін жыйнау мен астық бастыруда комбайншылар өте-өте зор роль атқарады. Егіннің дерезінде ысырапсыз жыйнау, колхоздар мен совхоздардың мемлекетке астық тапсыру графигін ұдайы орындап отыруы негізінен комбайншылардың еңбегіне, олардың комбайн қуатын сарқа пайдалану жөніндегі шеберліктеріне байланысты. Олай болса, комбайншылардың еңбегін дұрыс ұйымдастырып, олар арасында социалистік жарысты пәрменді түрде өрістетудің, комбайншылардың өздеріне жүктелген жауынгерлік міндеттерді ойдағыдай орындап шығуына барлық жағдайды жасаудың зор маңызы бар.

Киров астық совхозының комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Мәдібаев, Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Шварц және осы МТС-тің орденді комбайншысы Ким жолдастар егін жыйнауға социалистік жарысты айтарлықтай өрістете отырып, еменалық тапсырмаларын 175—200 проценттен орындап келеді. Олар бұл табысқа, сөз жоқ, комбайндарына техникалық күтімді жақсартудың, жұмысқа олардың қуатын сарқа

тигізіп отыр.

Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру— маңызы зор жұмыс. Бұл жұмыста жайбарақаттыққа салынып, уақытты босқа өткізуге, егін жыйнау мен астық тапсыру мерзімін созуға, сөйтіп, егін ысырабына жол беруге болмайды. Мұндай жағдайға ұшыраудың мемлекет алдында қылмыс екенін әрбір егінші, әсіресе, жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоздар мен МТС-тердің және совхоздардың басшылары естерінен шығармаулары керек.

Колхоздар мен совхоздарда пісіп тұрған егінді кезінде жыйнап ала алмаушылық жүздеген пұт астықтың рәсуа болуына жол берілгендік деген сөз. Бұл сыяқты кемшілікке жол бермеу үшін егін жыйнау мен астық бастырудың ең қуатты машинасы— комбайндарды жүргізіп отырған комбайншылардың социалистік жарысын ұйымдастырып, жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылап отыру керек. Бұл істе колхоз, МТС, совхоз партия ұйымдары шешуші роль атқаруға тиіс. Олар егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын күшейте отырып, социалистік жарыстың шын мәнісінде өрістетілуіне жетісулері керек.

Кезірі ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының материалдарымен, ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерленген облыс егіншілері еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуде. Партия, совет ұйымдары бұқараның бұл инициативасын қолдай білулері қажет. Сөйтіп, социалистік жарысты кең өрісету арқылы облыста егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жоспарларын мерзімінде орындауға жетісулері керек.

Колхозаралық мал шаруашылығы орталықтарындағы тәжірибе мекемелері

Кеше В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы президентінің мәжілісі болды. Мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұлғайту туралы мәселе талқыланды.

Филиалдың президиумы колхозаралық малшаруашылық орталықтарында тұрақты ғылыми пункттер ұйымдастыруға қарар қабылдады. Жемшөп және жайылымдар, су және орман шаруашылығының, мал шаруашылығының институттарының ғалымдары колхозшылармен тығыз творчестволық ынтымақтаса отырып, бұл пункттерде шөп тұқымын се-

буді өрістету, өртүрлі жемшөптік дақылдарды өсіру, орман өсіру, жасыл көгалдар және жасанды шабындықтар жасау мәселелерін зерттеумен шұғылданып болады.

Тұрақты ғылыми пункттер Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы Ащы су және Луговой ауданындағы Үмбет жайлауындағы, Ақтобе облысының Қарабұтақ ауданының Талды, Оңтүстік Қазақстан облысының Шөуілдір ауданындағы Жаманқара, Алматы облысының Балқаш ауданындағы Топар жайылымындағы колхозаралық малшаруашылық орталықтарында құрылуда.

(ҚазТАГ).

Күздік егіле бастады

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның колхоздары күздік еге бастады. Самар, Больше-Нарым, Киров, облыстың басқа да аудандарында бидай мен қарабидайдың алғашқы жүздеген гектары егілді. Барлық жерде тұқым жақсы жыртылған парға және сортты тұқыммен себілуде.

Шығыс Қазақстан егіншілері быыл күздік егісті ғалымдардың кеңесімен ерте жүргізуге, оны августтың соңғы он күндігінен кешіктірмей аяқтауға ұйғарды. Практиканың көрсетіп отырғанындай, бұл мол өнім алынуды қамтамасыз етеді. Озат шаруашылықтар күздікті ықтырмалы пар бойынша егуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Егіннің әрбір гектарынан 100 пұт өнім

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерлене отырып, Молотов атындағы колхоздың (Полудень ауданы) колхозшылары үгіміздегі жылы бітік егін өсірді. Олар егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім алмақ. Ал, 600 гектар алаңның әрбір гектарынан 20 центнерден өнім жыйналмақ.

Колхоз егіншілері ақмодалықтардың егінді қысқа мерзімде жыйнау, мемлекетке астықты көп тапсыру жөніндегі үндеуін қызу қостап, егін жыйнауды 25 жұмыс күні ішінде толық аяқтауға ұйғарды. Колхоз егін жыйнауға жақсы әзірлікпен кірісті. Астық тазалайтын машиналар, астық кептіретін орындар, таразылар, жәшікті арбалар сапалы жөнделді. 7 астық қырманы дайындалды. Бұларда астық тазалау, өлшеу және оны тиеу жұмыстары түгел механикаландырылған. Мұның өзі астықты тез тазалап, дайындау орындарына үздіксіз жөнелтуге қолайлы жағдай жасайды және егіншілердің еңбегін көп жеңілдетеді. Мәселен № 1 бригадала мотор күшімен бір веялақ, екі сортровка астық тазалауға қосылады. Бұлармен әрбір сменана 1400 центнер астық тазартылады. Бұрын мұнда астықты тазалауға 40 адам керек болатын еді. Кезірі бұған небары 10-ақ адам керек.

Егін жыйнауға 4 комбайн жұмыс істейді. Комбайндармен бастырылған астықты тасуға 22 аўба және бір автомашинча бөлінген. Бұл бастырылған астықтың қырмандарға және дайындау пункттеріне үздіксіз тасылуын қамтамасыз етуде.

шысы Строков жолдас былай деді: ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының ауылшаруашылық салығын кеміту туралы шығарған Заңы үкмет пен партияның колхозшыларға деген туысқандық қамқорлығының айғағы болып табылады.

Аудан механизаторлары үкмет пен партияның бұл қамқорлығына жауап ретінде өздеріне көтерілкі міндеттемелер алады. Механизаторлар арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетілуде. Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Х. Ф. Шварц жолдас тіркемелі екі комбайнмен егін орып, күнделікті жұмыс нормасын 180—200 проценттен орындап жүр.

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін талқылауға арналған жыйын да зор өрлеу үстінде өтті.

Сессия қарарларымен жігерленген аудан еңбекшілері саяси-шаруашылық міндеттерді дерезінде орындап, партия көрсеткен жолмен колхоз өндірісінде жаңа табыстарға жете береді. Сөйтіп, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта береді.

Қазақстан Цехында отқаныш жыйында үгітші Кочетков жолдас газеттен Маленков жолдастың сөзін оқығаннан кейін, сол цехтың жұмысшысы Понтелеев жолдас сөз сөйлеуге рұқсат сұрады. Үкмет басшының сөзі, деді ол, бізді жаңа жеңістерге жұмылдырып, рухтандыра түседі.

„Комсомолка“ тігін фабрикасында

ССРО-ның 1953 жылғы бюджеті туралы Зверев жолдастың баяндамасын радио арқылы тыңдаған қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысшылары шексіз қуанышты болды. Олардың әрқайсысы бұл қуаныштарын бір-біріне жеткізгенше асықты. Үкмет пен партияның зор қамқорлығына өздерінің ризашылығы мен шексіз сүйіспеншілігін айтты. Бастапқы кезде олар жыйналған шағын топ, бара-бара жыйынға айналды.

—Америка Құрама Штаттары бастаған капиталистік елдерде, —деді фабрикадағы еңбек озаты В. Ермолина жолдас, —ашыршылық, қайыршылық, жұмыссыздық барған сайын етек алып отырған уақытта, біздің еліміз күн сайын гүлденіп, нығая

делік норманы слесарь Корнейчук 280 процент және Лукьянов 300 проценттен орындаумен бірге, мінсіз сапалы өнім шығаратындықтарын айтты.

Депо цехтарында жыйындар мен әңгімелер әлі де жүргізілуде.

түсуде. Неге бұлай? Оның себебі: біздің елімізді Коммунистік партия басқарып отыр. Ол партия— нағыз халықтық партия, тек халық үшін ғана қызмет етеді, халықтың мүддесін көздейді. Сондықтан да біз осындай бақытты, шат тұрмыста тұрамыз. Бұл бюджет партияның бізге жасаған жаңа қамқорлығы. Оған жауап ретінде мен өзімнің күнделікті нормамды үнемі асыра орындап, мінсіз сапалы өнім беруге сертімді беремін.

Бұлардан кейін П. Капустина, С. Голчарова, Т. Исакова және басқалары сөз сөйледі. Олардың бәрі де жүрек толқытқан қуанышты хабарға іспен жауап беретіні, үкмет пен партияға деген өздерінің зор сүйіспеншілігі жөнінде айтты.

жалынды сөздерімен жұмысшыларға партия мен үкметіміздің халыққа көрсетіп отырған қамқорлығының шексіз екендігін осы сыяқты көптеген фактілермен айтуда.

Қаладағы «Екпінді» кәсіпшілік артелинің мүшелері арасында да бесінші сессияның материалдарын түсіндіру жұмыстары пәрменінше өрістетілген. Партия ұйымының (секретары Абушева жолдас) үгітшілер тобы артель коллективіне сессия қабылдаған Заңдарды түсіндіруде белсенділік көрсетуде. Атап айта кету қажет, партиямыз бен үкметіміздің жаңа қамқорлығына артель мүшелері бұл күндері жаңа еңбек өрлеуімен жауап беруде. Оған соңғы күндерде өндірістік тапсырмалардың үнемі асыра орындалуы айқын дәлел.

Сессияда қабылданған Заңдар және ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзі қала жұртшылығын еңбек майданында жаңа зор өрлеу туғызуға жұмылдыруда.

Егін жыйнауға кемшіліктерге жол берілмесін

ЕГІН ӘЛІ ЖАС ДЕЙДІ

«Новый быт» колхозының егіс дала-сында бітік егін өсіп тұр. Бірақ, осындай бітім шығарған егінді қысқа уақытта, ысырапсыз жыйнап алуға колхоз әзір емес. Бұған ең алдымен колхоз басшылары кінәлі.

№ 2 егіс бригадасының бригадирі Жусыпов жолдас:

—Егін жыйнауға августтың екінші жартысынан бері кірісе алмаймыз, егін әлі піскен жоқ, ал оған дейін әзірлікті жалпы алғанда бітіруге тиістіміз, —дегенді айтады.

«Егін әлі піскен жоқ» дегеннің тек сылтау екендігін, оның шындыққа жанаспайтындығын колхоз егінін аралғанда көрдік. Осы бригаданың өзінде ғана үш жүз гектардай жаздық бидай пісіп тұр. Егер егін жыйнау дереу басталмаса, пісіп тұрған бидайдың ысырапқа ұшырауы сөзсіз.

Колхоз егін жыйнауға әзірліксіз кіріскелі отыр. Мұнда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруға әзірлік жұмыстарының бірде-бір аласы толық аяқталған жоқ. Жағдай осындай бола түрсе де, колхоз председателі Бухарова, бастауыш партия ұйымының секретары Шөпшібаев жолдастар асығатын емес. Олар егін жыйнаудың басталуына әлі көп уақыт бар деген сыяқты зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай келеді.

—Колхозда лобогрейкалар мен егін жыйнайтын басқа да машиналарының қаншасы толық жөнделді? —десеңіз, колхоз басшылары бірауыздан:

—Егінді комбайндармен де жыйнап алмаймыз ба? —деп, жауап береді,

Мұның өзі колхозда егін жыйнау кезінде ішкі күш- мүмкіншіліктердің іске толық қосылмайтындығын айқын көрсетеді. Лобогрейкалар мен егін жыйнайтын басқа да машиналарға мөл бермеуді Совет аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің басшылары да жақтан отырған көрінеді. Өйткені, олар лобогрейкалар мен егін жыйнайтын басқа да машиналарды жөндеу жұмыстарын таяудаты күндері толық аяқтау жөнінде ешқандай нақтылы шаралар қолданбай отыр.

Колхоз егіншілерінің қайсысымен әңгімелесеңіз де егін жыйнау кезінде қандай жұмыс істейтіндігін білмейді. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру кезінде арналған жұмыс жоспары колхоз бойынша болсын, бригадалар бойынша болсын күні бүгінге дейін жасалған жоқ.

Егін жыйнау кезінде комбайн агрегаттарын қамтыйтын колхозшылар тағайындалмаған. Мұндай жағдайдың комбайндардың жұмысты толық қуатымен өнімді істеуіне маусымның алғашқы күнінен бастап-ақ кедергі келтіретіндігіне күмән жоқ.

Астық тазартатын машиналар, астық қырмандары мен мәдени қостар жөндеу қолға да алынбаған деуге болады. Тіпті колхоз басшылары егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруға әзірліктегі осы сыяқты күрделі жұмыстардың ақырғы кезекке қалуына жол берген.

Бұл колхозда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруға әзірліктің осындай олқылыққа ұшырауының негізгі бір себебі—бастауыш партия ұйымы жұмысының нашарлап кеткендігінде. Мұны колхозда

екі айдан бері бірде-бір рет партия жыйналымы өткізілмегендігінің өзінен ғана көруге болады. Коммунистер мен комсомолецтер егін жыйнаудың жауапты участоктеріне бекітілмеген.

Бастауыш партия ұйымында егін жыйнау кезінде жүргізілетін үгіт-көпшілік жұмысының жоспары жоқ. Ол-олма, № 2 егіс бригадасында бірде-бір үгітші жоқ, сондықтан да мұнда колхозшылардың бірқатары Отанымызда және шетелдерде болып жатқан жаңалықтармен таныс емес. Керек десе, осы бригадада бір-екі-ақ колхозшы облыстық газеттерді алдырады. Газет, журналдарды коммунистер мен комсомолецтердің көпшілігі алдырып оқымайды.

Кезірі облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнауға қызу кірісіп, алғашқы астықты мемлекетке тапсыруда. Мұндай шаруашылықтар Совет ауданында да бар. Олар ауылшаруашылық жұмыстарының барлық саласын бір бірімен тығыз ұштастыра жүргізудің нәтижесінде алғашқы күннен бастап еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Бірақ бұл ауданның партия, совет ұйымдары озаттардың іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырмай келеді. Олар тек орын алған кемшіліктерді түп тамырымен жою жөнінде көлемді-көлемді қаулы қабылдап, барлық істі осымен тындырудан басқа мардымды ештеңе істемей жүр. Міне, ауданда бір-сыпыра колхоздардың егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру сыяқты жұмыстың ең жауапты, әрі ең шешуші кезеңінде бұл жұмысқа шынша кіріспей отырғандығының себептері осылар.

К. ШӘРІПОВ.

С О В Е Т К Ұ Р Ы Л Ы С Ы

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің сессиясы

Жұырда еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің кезекті II сессиясы болып өтті.

Бірінші мәселе жөнінде—Қазақ ССР Министрлер Советі мен КЭМ Орталық Комитетінің «Мал шаруашылығын оған әрі өркендетуде Қазақ ССР-ның колхоздары мен совхоздарына көмек көрсетудің шаралары туралы» қаулысының орындалуы, мал азығын дайындау және мал қыстату маусымына әзірлік жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы Омеляненко жолдас баяндама жасады. Баяндаманы облыс колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығының жайына, сондай-ақ, мал азығын дайындау және мал қыстату маусымына әзірліктің барысына жан-жақты талдау жасап, алда тұрған кезек күттірмейтін міндеттерге тоқталды.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары өз жұмыстарын жаңа талаптың дәрежесіне сай ұйымдастыра отырып, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болуда. Мәселен, Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозы осы жылдың алғашқы жартысында мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын үш түлкітен: қара мал, қой, шошқа бойынша артығымен орындады. Өрбір сауын сыбырдан 753 литр сүт алды. Мал шаруашылығын өркендетуде осы аудандағы «Путь к коммунизму» колхозы, Тоқшын және Чистов совхоздары да елеулі табыстарға ие болып келеді. Осы сияқты оазт мал өсірушілердің қатары барған сайын көбейуде. «Парижская коммуна» колхозының (Полудень ауданы) бұзау күтушісі Восиненко, Киров атындағы совхоздың шошқа күтушісі Измаев жолдастар және басқа көптеген мал өсірушілер қажырлы еңбектерімен құрметке бөленуде.

Алайда, облыста мал шаруашылығының жайы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Мал шаруашылығын өркендету жоспары 1 июльге орындалмады. Облыстың артта қалу себебі Совет және ауылшаруашылық орындарының, колхоз басқармалары мен совхоз директорларының мал шаруашылығын өркендету ісіне әлі де болса бастылықты қамтамасыз ете алмауларынан болып отыр. Жыл сайын мал азығы жеткіліксіз өндіріледі. Бір жылдық және көпжылдық шөптерді егу, оның өнімін арттыру ісіне жете мән берілмей келеді. Бйыл мал азығын дайындауда Соколов, Мамлют, Октябрь және Совет аудан-

талды. Аудан колхоздарының шабындық жерлерінің көлемі көп, деді ол, бірақ өнімі кем. Мұның өзі шабындық жерлерді құнарландыру жөнінде қажетті шаралардың кезінде жүргізілмеуінен болып отыр. Әуім керек. Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы, оның су шаруашылығы жөніндегі бөлімі шабындық және жайылымдық жерлерді жақсарту жөнінде біздің колхоздарымызға қажетті көмек көрсете алмай келеді. Ендігі жерде мұндай елеулі кемшіліктерге жол бермеуіміз қажет.

Маленков атындағы колхоздың (Преснов ауданы) председатели Кухаренко жолдас мал азығын дайындауда Преснов МТС-нің жұмысынан орын алған кемшіліктерді сынады. Ол шөп сүрлейтін машинаның сеналы жөнделмеуі салдарынан колхозда шөп сүрлеу жоспарының үштен бірі-ақ орындалғанын айтты. Кухаренко жолдас сөзінің соңында МТС басшыларынан тракторлар мен шөп шабатын машиналардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді орынды талап етті.

—Облысымыздың колхоздары мен совхоздарының, — деді КЭМ облыстық комитетінің секретары депутат Ниязбеков жолдас, — қоғамдық малдың өсуін оған әрі қамтамасыз ету жөнінде толық мүмкіншіліктері бар. Алайда, соңғы жылдары мал шаруашылығын өсіру және оның өнімділігін арттыру жөнінде мемлекеттік жоспар орындалмай келеді. Мал шаруашылығын өркендетудегі ең басты кемшілік жемшөптің берік базасын жасай алмауымызда болып отыр. Бұл кемшілікті жою үшін табиғи және өсірілген шөптердің ауылшаруашылығын өсіруіне ітеру қажет. Сондықтан біржылдық және көпжылдық шөптердің тұқымдарын жеткілікті түрде дайындау мәселесіне ерекше назар аударылысын. Көзір облыста 20 мың гектар көпжылдық шөптің небары 2 мың гектарға жуығы ғана орынды. Бұған тіпті де тозуға болмайды.

Депутат Мусин, Мамлют аудандық Советі аткомі председателинің орынбасары Беленков жолдастар облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының МТС-тердің жұмысына оперативтік бастылық жасамайтыны үшін сынады.

Депутат Макаров, Булаев аудандық Советінің аткомі председателинің орынбасары Бочарева жолдастар сессияға қатысушылардың назарын ауыл шаруашылығы мамандарын іріктеп алу және тәрбиелеу ісін мейлінше жақсартудың қажеттігіне

леуші жолдастар облыстық мемлекеттік және кооперативтік сауда айналымы соңғы кезде бір жарым есе өсіп, соғыстың бұрынғы дәрежеден анағұрлым артқанын атап көрсетті. Осы сияқты жергілікті және кооперативтік кәсіпорындары ұйымдарының товар айналымының ара салмағы өдеуір өтті. Алайда, облыста сауда жұмысының жайы халықтың өскелең талабына толық жауап бермейді. Осы жылдың өткен бірінші жарты жылында тұтынушылар кооперациясы, мемлекеттік сауда күйзелері бойынша товар айналымының жоспары орындалмады.

Сауда орындары, әсіресе, облыстық тұтынушылар одағы, оның жергілікті орындары товарларды еңбекшілердің тілегіне қарай бөліп сатууды ұйымдастыра алмай келеді. Тек осының салдарынан Преснов, Октябрь, Ленин аудандарында чай, туз, керосин, істі сабын және басқалары сияқты қажетті товарлар жеткіліксіз болып келеді. Кейбір аудандарға товарлардың ассортименттері, мөлшерсіз көп жіберіліп, басқа жерлерде болмайды.

Сауда қызметкерлерінің арасында еңбек тәртібін бұрмалау фактілері жиі кездеседі. Осының салдарынан әсіресе, селолық жерлерде кейбір магазиндер мен дүкендердің көбіне жабық тұруы сияқты фактілері кездеседі. Осы және басқа кемшіліктер сауда қызметкерлерінің арасында тәрбие жұмысының жеткіліксіз жүргізіліп отырғанын көрсетеді.

Облыста кітап саудасының жайы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Тұтынушылар кооперациясының және «Казкиноторг» пен «Союзпечатьтің» басшылары кітап саудасының саяси маңызын жете бағаламайды, оны кеңінен өрістету үшін қажетті шаралар қолданбайды. Тек осы себепті қоймалар мен магазиндерде мыңдаған сомының кітаптары сатылмай жатыр.

Осылай бола тұрса да бірсыпыра совет ұйымдары сауда орындарының жұмысын бастылық және бақылау жұмысын жеткіліксіз жүргізіп келеді.

Сауда орындары мен совет ұйымдары советтік сауданы көзіргі өскелең талаптарға сай ұйымдастырып, сауда жұмысында орын алған елеулі кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

Сессия күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша нақтылы шаралар белгілеп, қарарлар қабылдады.

Сонымен қабат сессия ұйымдастыру

Фельетон

Балықшылар мен балық туралы аңыз

Балықшылар мен балық туралы аңыз Октябрь ауданында көптен бері айтылып келеді. Бұл аңыз мекемелерде, дүкендерде, базарларда, көшелерде, тіпті жеке үй семьяларында да айтылып жүр.

Біреулер: «Балық витаминды азық, оны жақсылап аулау, көптеп ұстау керек» деседі. Мұны айтатындар аудандары көпшілік.

Біреулер: «Жылқының қазысы, сыбырдың жаясы, қойдың құйрық майы, шошқаның сүбесі, құстың төсі тұрғанда, сүйегін ақсыйтып, қылтанын қылтытып балықты мақтамашы» деседі. Мұны айтатындар аудандағы азылық.

Біреулер: «Балықшылар балықты жеке адамдарға емес, дүкендерге, базарларға салып, көпке сатса екен» деседі. Мұны айтатындар үй шаруашылығындағы әйелдер.

Біреулер: «Балықты базарлататын ештеңе жоқ, өзімізден де аспай жатыр, көпке көбейгенде сатылар» деседі. Мұны айтатындар балықшыларды басқарып отырған осы аудандағы «Қазақстанның 15 жылдығы» кәсіпшілігі артельнің председатели Михаил Петрович Тысячный мен балықшылар бригадасының бригадирі Василий Гаврилович Гусев сияқты бастықтар.

Бұл ауданда балықшылар мен балық туралы аңыз осылай айтылады. Аудан басшылары бұл аңыздың дұрысын дұрыс деп, бұрысын бұрыс деп кезінде қорытынды шығаруға тиіс еді. Сондай-ақ дабылға құлақ аспай, өзімен өзі болып жүрген Тысячный мен Гусев туралы да бір қорытындының шығуы керек еді. Ама! не, мұндай қорытындының сөзі түспей-ақ келеді.

Жақында болып өткен бір жыйналыста Тысячный мен Гусев әдеттегідей көпіре сөйледі. Керегің балық болса, қалағаныңша алатын боласын, деп лепіре сөйледі. Бірақ, әзірге осы сылдыр сөзден басқа істелген істе мән жоқ.

Фактіге келейік. Тысячный басқарған артель, Гусев басқарған бригада балық аулаудың айлық жоспарын үнемі орындамай келеді. Бұл бригада үстіміздегі жылы 15 тонна балық аулау керек еді, осыдан 7 ай ішінде бар болғаны екі жарым тонна балықты зорға аулады. Енді бұлар басқарған балықшылар ауды суға салып қойып, көп несібесін колден күтіп, қолды қусырып босқа отыр.

Күндердің бірінде балықшылар бастығы болған Беловқа да үлкен қайық керек болды. Үлкен қайық болмаса, кіші қайық судың тереңіне бара алмайды, сіз бір жәрдем жасаңыз деп Тысячныйға қыйыла қалды ол. Кіші бастықтың сөзіне үлкен бастық қарсы бола қойған жоқ. Жүздеген сом ақша шығарып қалаған қайығын жасатты да. Бірақ, ол қайық іске жарамсыз болып тағы қалды.

Балықшылар бригадасына несіздік

ССРО Сыртқы істер Министрлігінде

Совет баспасөзінде мұнан бұрын хабар етілгеніндей, 31 июльде Совет Үкметі Құрама Штаттар үкметіне нота жолдап, осы жылғы 27 июльде Американың төрт истребителінің Қытай Халық Республикасының территориясы үстінде жолаушылар тасыйтын «ИЛ—12» совет самолетіне қарақшылықпен шабуыл жасауына қатты наразылық білдірді. Осының нәтижесінде советтің 21 азаматы қаза тапты және самолет қыйрады.

1 августа АҚШ-тың Москвадағы елшілігі АҚШ үкметінің тапсыруы бойынша ССРО Сыртқы Істер Министрлігіне бұл мәселе жөнінде жауап нота жолдады. Осыған байланысты 11 августа ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громыко АҚШ-тың елшісі Ч. Болен мырзаны қабылдап, оған мынадай мазмұнда нота тапсырды:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Америка Құрама Штаттары үкметінің 1953 жылғы 1 августтағы нотасы алынғанын сыпаттаумен бірге, мынаны білдіруді қажет деп табады.

Мұнан бұрын Совет Үкметінің 31 июльдегі нотасында хабар етілгеніндей, осы жылғы 27 июльде Қытай Халық Республикасы жеріне басып кірген Американың төрт истребителі жергілікті уақытпен 12 сағат 28 минутте (Москва уақытымен 6 сағат 28 минутте), Қытай территориясы үстінде, белгіленген трасса бойынша Порт-Артурдан Владивостокке әдеттегіше ұшып бара жатқан «ИЛ—12» жолаушылар тасыйтын совет самолетіне шабуыл жасап, оны атып түсірді. Америка истребителдері жолаушы тасыйтын қарусыз совет самолетіне Қытай—Корея шекарасынан 110 километр жерде, Қытайдың Хуадянь қаласы ауданында шабуыл жасады. Жолаушылар тасыйтын совет самолеттері біріңше жыл бойына ұшып жүретін Порт-Артурдан Владивостокке баратын тұрақты авиация жолының трассасы осы аудан үстінен өтеді. Совет самолетінің американың истребителдерінің оған шабуыл жасаған кездегі координаттары 43 градус 5 минут оңтүстік широта және 127 градус 45 минут шығыстық долгата болды.

Американың истребителдерінің совет самолетіне шабуыл жасауы туралы және бұл шабуылдың нәтижесінде советтің апатқа ұшырағаны туралы хабар алынғысымен, совет самолетінің апатқа ұшырауына қатысы бар жағдайды тексеру үшін Хуадянь ауданына тезінен ССРО азаматтық Әуе флотының Жоғарғы басқармасының арнаулы комиссиясы жіберілді. Комиссия 15 жолаушының өлігін және экипаждың 6 мүшесінің өлігін, сол сияқты қыйраған самолеттің қалдығын тапты. Комиссия жүргізген зерттеу 6 өліктің оқтар және сынықтар тиген жарақаттары бар екенін, ал, самолеттің табылған бөлшектерінде оқ өткен 19 тесік бар екенін көрсетті. Сол сияқты, самолетте болған парашют-

дайды. Мұның өзі шабуыл жасалған уақыт жөнінде совет нотасында келтірілген мәліметтерге бір шама үйлеседі. Жоғарыда көрсетілген шабуылдың нәтижесінде «ИЛ—12» самолети құлатылды. Алайда мұнымен бірге АҚШ үкметі американың истребителдері «ИЛ—12» самолетіне Қытай территориясы үстінде емес, Кореяның территориясы үстінде, шамамен Ялуцзян өзенінен 8 мильдей жерде, 41 градус 38 минут солтүстік широта және 126 градус 55 минут шығыстық долгата координаттары пункттерінде шабуыл жасады дегенді айтады. Американың истребителдері жолаушылар тасыйтын совет самолетіне шығында АҚШ үкметінің нотасында көрсетілген пунктте емес, жоғарыда көрсетілген 43 градус 5 минут солтүстік широта және 127 градус 45 минут шығыстық долгата координаттары пунктінде шабуыл жасағаны дәлме-дәл анықтала тұрса да, ал бұл пункт Корея территориясында Ялуцзян өзенінен 8 миль жерде емес, Қытай территориясында, нотада көрсетілген пункттің солтүстік-шығыс жағында 170 километр жерде бола тұрса да, бұған қарамастан АҚШ үкметі осындай мәлімдеме жасайды.

Сонымен, АҚШ үкметінің нотасында американың истребителдерінің жолаушылар тасыйтын совет самолетіне шабуыл жасаған уақыты дұрыс көрсетіледі, бірақ шабуыл жасаған орын теріс көрсетіледі. Сірә, американың истребителдерінің жолаушылар тасыйтын совет самолетіне шабуыл жасаған орны жөнінде АҚШ үкметі жаңылыстырылған болса керек.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін есте тұтып, Совет Үкметі өзінің 31 июльдегі нотасында, американың соғыс самолетінің жолаушы тасыйтын қарусыз «ИЛ—12» совет самолетіне қарақшылық шабуыл жасауына байланысты білдірген қатты наразылығын қуаттайды және бұл қылмысқа айыпты адамдарды қатты жазалауды, сол сияқты келешекте американың соғыс командованиесінің мұндай қылмыстық әрекеттеріне жол бермеуді талап етеді.

Мұнымен бірге, Совет Үкметі АҚШ үкметінен, жоғарыда көрсетілген советтің «ИЛ—12» самолеттің апатқа ұшырауына байланысты Совет Одағына келтірілген зиянды өтеуді талап етеді. Бұл зиянның мөлшері осы нотаға тіркелген қосымшада көрсетілген.

Сонымен бірге А. А. Громыко Ч. Болен мырзаға нотаға тіркелген бұл қосымшаны да тапсырды. Совет азаматтарының қаза табуы және самолеттің апат болуынан келтірілген зиянды өтеу сомасы 7.445.800 сом немесе 1.861.450 доллар мөлшерінде көрсетілген. Бұл сомаға мынадай шығындар енгізілді:

Қаза тапқан жолаушылардың және самолет экипажы мүшелерінің семьяларына төленетін бір жолғы жәрдем — 420.000 сом;

Қаза тапқан адамдардың көмелетті

Бей жерлерде қоғамдық малдың жазғы жайылымы ойдағыдай ұйымдастырылмаған. Мал қораларын жөндеу және оларды жаңадан салу, құтық қауу, шөп сүрлеу жұмыстарының жайы өте баяу. Міндет мал азығының берік базасын жасау, мал қыстату маусымына үлгілі әзірлену, осының негізінде мал шаруашылығының онан -әрі өркендеуін қамтамасыз ете беру болып табылады.

Баяндама бойынша қызу жарыссөз басталды.

Депутат Ыбраев жолдас өзінің сөзінде Петропавл ауданының колхоздары мал қораларын салу жөніндегі жұмысқа қызу кірісіп жатқанын хабарлады. Колхозтар 17 құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Бірсыпыра стандартты мал қораларының жаңа құрылыстары аяқталды. Егер, — деді шешен, — облыстық тұтынушылар одағы құрылыс материалдары мен кезінде қамтамасыз етіп отырса, біздің колхоздарымыздың жұмысы анағұрлым табысты болар еді. Бірақ, амал не, аталған сауда орны колхоздар алдындағы борышына немқетті қарау сияқты әдеттен арылған жоқ. Осы себепті бірқатар колхоздарда құрылыс материалдарының кезінде болмауынан мал қораларын жаңадан салу жұмысы ұзаққа созылуда.

Приемші аудандық Советі атқомінің председателі, депутат Қоспаев жолдас шешімді және мал жайылымдық жерлердің жайын жақсарту мәселесіне тоқ-

— Ауданда 14 зоотехниктің орнына, — деді Бочарев жолдас, — небары 5-ақ адам жұмыс істейді. Облыстық ұйымдар ауылшаруашылық мамандарының, соның ішінде зоотехниктер мен дәрігерлердің құрамын толықтыру және тәрбиелеу мәселесіне жете назар аударулары қажет.

Киров атындағы совхоздың комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері депутат Мәдібаев жолдас совхоздың кейбір басшы қызметкерлерінің жарамсыз қылықтарын баптыл сынады. Инженер Бабич сияқты кейбір басшы қызметкерлер механизаторларға практикалық көмег көрсетудің орнына, деді шешен, маскүнемдікке салынып, уақытты босқа өткізеді. Жұмысшылардың тұрмыстық жайларына жете назар аударылмайды, медициналық пункт ұйымдестырылмай отыр. Облыстық Совет атқомінің қызметкерлері совхоз жұртшылығының арасында жәлі болып, олардың тілектері мен қажеттеріне кезінде құлақ асуға тиіс.

Бұлардан басқа жарыссөзде депутаттар мен активтерден Калинин, Попов, Голосов, Юрченко, Бірімжанов жолдастар сөз сөйледі.

Сессия күні тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Сауда жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары Цымбал жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөй-

ластықтары қарама-қарсы екі жақтың экивистріліктері қайта құрылуына байланысты, облыстық ауылшаруашылық басқармасы, облыстық су шаруашылық бөлімі, облыстық селолық және колхоз құрылысының басқармасы — облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы болып біріктірілді. Осы сияқты, облыстық мәдени ағарту бөлімі, искусство бөлімі және кинофикация басқармасы — мәдениет басқармасы болып, автомобиль транспортының облыстық басқармасы мен облыстық жол бөлімі — жол және транспорт шаруашылығы басқармасы болып біріктірілді. Жергілікті отын өнеркәсібі басқармасы мен облыстық жергілікті өнеркәсіп мекемесі — жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі болып біріктірілді. Облыстық физкультура және спорт комитеті облыстық денсаулық сақтау бөліміне қосылды.

Сессия жоғарыда аталған басқарма бастықтары мен бөлім меңгерушілерін бекітті. Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы — Д. М. Омеляненко, мәдениет басқармасының бастығы — П. Д. Приеич, жол және транспорт шаруашылығы басқармасының бастығы — А. С. Дягель, жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі — А. А. Соколов, ұйымдастыру түрде жұмысшылар қабылдау бөлімінің меңгерушісі — М. И. Демченко.

Сессия облыстық Советтің сауда жұмысы жөніндегі тұрақты комиссияның құрамын бекітті.

Судағы балық құрғаққа өздігінен шықпайды. Жылқыдай қазысы, сыйырдай жаясы, қойдай құйрық майы, шошқадай сүбесі, құстай төсі жоқ, деп балық тулғасын кемітумен іс бітпейді. Оны сөзбен емес іс жүзінде аулау керек. Бұл естеріңізде болсын, октябрьлік жолдастар...

Н. ЕСІЛОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

«Қулығын асырып жүргендер»

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Булаев ауданындағы Надеждын селолық Советіндегі фельдшерлік акушерлік пунктінде фельдшері Вера Куклиняның өз жұмысына жауапсыз қарап, еңбекшілерді дәрігерлік көмекпен тыңғылықты қамтйып алмай келгендігі айтылған болатын.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі редакцияға тілші хатында көрсетілген фактілер тексерісте толық анықталды, жұмысты нашар істегені, ауруларға дереу медициналық жәрдем көрсетпегені үшін Вера Куклиняға қатаң сөгіс жарияланды деп хабарлады.

Надеждын фельдшерлік акушерлік пунктінде жұмысын жақсарту мақсатында тағы да бір дәрігерлік қызметкер тағайындалған.

«Ленин туы» газетінің редакциясына қаладағы машина-жол станциясының жұмысындағы кемшіліктер жөнінде хат түскен болатын. Бұл хат газетке пайдаланылмай, тексеріске жіберілгенді. ҚКП қалалық комитеті осы хат туралы редакцияға мынаны хабарлады:

Тілші хатында көрсетілген, № 5 машина-жол станциясының жұмысындағы кемшіліктер туралы фактілер тексерісте толық анықталды. Станция директоры Бугреев үнемі маскүнемдікке салынып, станцияның жұмысын бітпейтін жіберген, онда жұмыс ешбір жоспарсыз жүргізілген, еңбек тәртібі болмаған.

Осындай кемшіліктерге жол бергені және партияға жат қылықтары үшін Бугреев жолдасқа қатаң сөгіс берілді және қызметінен босатылды.

№ 5 МЖС-ның жұмысын жақсарту үшін тиісті шаралар белгіленді, көмектер көрсетілді.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

тер мен басқа заттарда да оқ өткен орындар бар. Мұның үстіне комиссия, американ истребительдерінің жолаушылар тасыйтын совет самолетіне шабуыл жасауын көрген жергілікті қытай адамдарынан жауап алды. Олар Совет Үкіметінің 31 июльдегі нотасында келтірілген фактілерді толық сыпаттады.

Өзінің осы жылғы 1 августағы нотасында АҚШ үкіметі американ истребительдерінің 27 июльде жергілікті уақытпен 12 сағат 25 минутте «ИЛ-12» самолетіне шабуыл жасағанын мойын-

жасқа жетпеген балаларына және қарт ата-аналарына белгіленетін пенсиялар — 5.670 мың сом;

Қаза тапқандардың денелерін жерлеуге және әкелуге байланысты шығындар — 315.000 сом;

Қаза тапқандардың өзіндік нәрселерінің құнын төлеу — 84 мың сом;

«ИЛ-12» самолеттің құны — 956.800 сом.

Ч. Болен мырза жоғарыда көрсетілген нотаны өзінің үкіметіне мәлімдейтінін білдірді.

Г. М. Маленков жолдастың сөзі туралы шетелдердегі пікірлер

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

ПЕКИН, 11 август. (СОТА). Қытай Халық Республикасының орталық газеттері кеше бірінші беттерінде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзінің толық текетін жариялады. Бүгін Маленковтың сөзін провинциялық газеттер жариялады.

ШАНХАЙ, 11 август. (СОТА). Шанхай жұртшылығы Г. М. Маленков жолдастың ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында сөйлеген сөзін зор ынтымамен қарсы алды. Шанхай халқы кеше Совет Үкіметі басшысының сөзін Пекиннің радио хабарларынан тыңдады. Шанхайдың радиостанциялары да өздерінің хабарларын Г. М. Маленковтың сөзіне арнады.

Бүгін Шанхай газеттері Г. М. Маленковтың сөзінің текетін ірі тақырыптар қойып, бірінші бетте басып шығарды.

ПОЛЬША

ВАРШАВА, 11 август. (СОТА). Польша Халық Республикасының жұртшылығы ССР Одағы Министрлер Советі-

нің Председателі Г. М. Маленковтың ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында сөйлеген сөзін зор ықласпен қарсы алды.

Польшаның біріккен жұмысшы партиясының орталық органы «Трибуна люду» газеті «Бейбітшілік күзетіндегі күш» деген тақырыпты басмақаласында былай деп жазды:

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында сөйлеген сөзі бүкіл дүние жүзіне орасан зор әсер етті. Бір жағынан халықаралық қарым-қатынастағы шиеленісушілікті бәсеңдету үшін күресте бейбітшілік сүйгіш күшке ие болған жетістіктермен, екінші жағынан агрессия күштерінің бейбітшілікке қарсы жаңа арандатушылық әрекеттерімен сипатталатын кәзіргі халықаралық жағдай кезінде Маленков жолдастың сөзі соғыс күштерін ауыздықтау ісіне қосылған жаңа үлес болып табылады. Бұл сөз халықаралық қатынастағы шиеленіскендікті бәсеңдетудің жолын көрсетеді және мұнымен қатар демократиялық лагерді бастап отырған бейбітшілік күзетінде тұрған ұлы совет елінің күш-қуатының айқын айғағы болып табылады.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕН АЙЫПТАЙМЫН»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Фрунзе атындағы колхоздың 4 жылқысы жоғалды. Біреуі — жирен бие, 1943 жылы туған, № 5 таңбасы бар, екіншісі — 1940 жылы туған, жирен бие, № 5 таңбасы, маңдайында жұлдызы бар, үшіншісі — 1944 жылы туған, қара көк ат, төртіншісі 1940 жылы туған жирен ат, номері жоқ.

Көрген білгендер болса Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Фрунзе атындағы колхоз басқармасына хабарлауды сұрайды.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«ТАҒЫ БАРА»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«Главмуна» завод басқармасына транспортқа жүк тиеушілер КЕ-РЕК. Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ернарзов көшесі, 80-үйге келіп, кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы, Союзная көшесі, 24-үйде тұрушы Виктор Савельевич Иев Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 115-үйде тұрушы Татьяна Андреевна Иевадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.